

Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімі
1 курс студенттерінің «ЖОО-на бейімделуі» сауалнамасының сараптамалық есебі

2023-2024 оқу жылының 20-24 қараша күндері аралығында «1 курс студенттерінің ЖОО-на бейімделуі» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға филология факультеті 6В01704- Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау мамандығының 62 студенті қатысты. Сауалнама анонимді түрде барлық факультеттің 1-курс студенттері арасында жүргізілді.

Сұрақтарға талдау:

1. Мамандығы:

Мамандығы:	Респонденттер саны
6В01704- Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	62
Барлығы	62

2. Жынысыңыз:

Жауап	Респонденттер саны	%
Ер	2	98
Әйел	60	2
Барлығы	62	

3. Осы уақыт ішінде Сіз қаншалықты бейімделдіңіз:

Жауап	жақсы	Қиын, жанжалд ар бар	Жауап беруге қиналамын
Жалпы университетке	56	2	2
Оқу сабақтарына, оқу мекемесіне	52	5	5
Курстастармен қарым-қатынастарда	48	5	9
Оқытушылармен қарым-қатынастарда	60	1	1
Мамандық бойынша кафедра меңгерушісімен қарым-қатынастарда	56	3	3
Факультет деканымен қарым-қатынастарда	55	3	4

4. Студенттік өмірден алған алғашқы әсерлеріңіз қандай?

(жауаптың 2 варианты болуы мүмкін):

Жауап	Респонденттердің жауап саны
Жалпы оқу процесінен жақсы әсерлер (лекциялар мен семинар сабақтары, СӨЖ тапсырмалары)	3
Студенттік және оқудан тыс өмірден жақсы әсерлер	45
Оқу талаптары жоғары	4

Оқу талаптары төмен	0
Әзірше анық ештеңе айта алмаймын	10

5. Сіздің студенттік өміріңізде пайда болған мәселелерді көрсетіңіз (3 варианттан көп емес жауапты ✓ белгісімен белгілеңіз):

Жауап	Респонденттер саны
Оқуға қатысты мәселелер: қиын, үлгере алмаймын	2
Кейбір оқытушылардың оқу материалдарын түсініксіз түсіндіруі	2
Студенттік өмірге бейімделу қиындықтары	3
Оқу әдебиеттерінің жеткіліксіз қамтамасыз етілуі	2
Жоғарғы оқу орнында қоғамдық өмір түрлері туралы ақпараттардың болмауы	2
Тұратын үйдің болмауы	1
Курстастар, оқытушылармен қарым-қатынас жасау қиындықтары	6
Материалдық мәселелер	2
Пайда болған мәселелер жоқ	42

6. Сіз «Тәшенев» университетінің қандай студенттік өміріне қатысқыңыз келеді (3 вариант жауап болуы мүмкін):

Жауап	Респонденттер саны
Ғылыми-зерттеу жұмысына	12
Студенттік белсенділер жұмыстарында (студенттік Кеңес)	11
Оқу орнындағы жастар ұйымы жұмыстарында	2
Спорт секциялары, үйірмелер	6
Көркем өнерпаздар, КВН-дер де	2

7. Сіздің үлгеріміңіз мектепке қарағанда төмендеді ме:

Жауап	Респонденттер саны
иә	0
жоқ	62

8. Жоғарғы оқу орнындағы үлгерімнің төмендеу себептері:

Жауап	Респонденттер саны
Көптеген пәндер бойынша мектептегі білімдердің жеткіліксіз деңгейі;	10
Жоғарғы оқу орнындағы оқу бағдарламаларының күрделілігі;	5
Өз уақыты мен күштерін дұрыс бөле алмаушылық	2
Үлкен ауқымдағы жаңа ақпараттармен жұмыс істеуге дайындықтың болмауы	6

Ата-аналар, мұғалімдер тарапынан үйренген бақылаулар мен қамқорлықтардың болмауы	1
Оқытушылардың жоғарғы талаптарын орындауға дайын болмау	4
Төмендеу себептері жоқ	32

9. Бірінші аралық нәтижелері Сіздің үлгеріміңізді көрсетті:

Жауап	Респонденттер саны
Сіздің білім деңгейіңізге сәйкес келеді – үздік	26
Сіздің білім деңгейіңізге онша сәйкес келмейді – жоғарғы оқу орнында оқу қиындау, дегенмен үлгерімім жақсы	30
Сәйкес келмейді – жоғарғы оқу орнында оқу қиындау, үштіктер бар	3
Мүлдем үлгермеймін – үштіктер көп	3

10. Университет жасаған оқу жағдайларына көңіліңіз толады ма:

Жауап	Респонденттер саны
Иә	62
Жоқ	0

11.«Тәшенев» университетінде оқуға байланысты күткен үміттеріңіз ақталды ма:

Жауап	Респонденттер саны
Иә	62
Жоқ	0